


Түркістан облысы
Шардара ауданы
№12 жалпы білім беретін мектеп

«Көше күтпеген оқиғаларға толы»



Сынып: 1 «А» сынып

Сынып жетекші: Сарсекова Э.Т

Пәні: Тәрбие сағаты (Қауіпсіздік ережелері)

Сынып: 1 – сынып

Тақырыбы: *Көше күтпеген оқизаларға толы*

Мерзімі: Қыркүйек

Ұзақтығы: 40 минут

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға жолда жүру ережелерін түсіндіру;

Көшеде қауіпсіздік сақтауға үйрету;

Күтпеген жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Бағдаршам түстері мен жол белгілерін біледі;

Көшеде өзін дұрыс ұстай алады;

Қауіпсіздікті сақтаудың маңызын түсінеді.

Қауіпсіздік ережелері:

Бағдаршамға бағыну;

Жаяу жүргінші жолымен өту;

Көшеге кенеттен шықпау.

Сабақ кезеңі	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Әдіс-тәсілдер	Ресурстар
Кіріспе	5 мин	– Сәлемдесу, жағымды атмосфера орнату. – Сабақтың мақсатын түсіндіру: көшеде қауіпсіз жүру ережелерімен таныстыру.	Сәлемдеседі, сабаққа назар аударады.	«Шаттық шеңбері»	Интерактивті тақта, суреттер
Қызығушылықты ояту	5 мин	Көше жағдайларынан қысқа бейнеролик немесе суреттер көрсету.	Бейне көріп, өз ойымен бөліседі.	«Мифа шабуыл»	Бейне, суреттер
Негізгі бөлім	15 мин	– Бағдаршам түстерін түсіндіру. – Негізгі жол белгілерін көрсету. – Көшеде кездесетін күтпеген жағдайларды мысалмен айту (баланың жолға кенет	Бағдаршам түстерін ажыратады, жол белгілерін атайды, мысалдар келтіреді.	«Топтастыру», «Сұрақ-жауап»	Бағдаршам макеті, жол белгілері

ік кезеңі	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Әдіс-тәсілдер	Ресурстар
		шығуы, бағдаршам істемей қалуы т.б.).			
оптық жұмыс	10 мин	– Топтарға карточка тарату (түрлі жол жағдайлары). – Сол жағдайдан қалай шығуға болатынын сахналап көрсету.	Топта талқылайды, сахналық көрініс көрсетеді.	«Кейс-стади», «Рөлдік ойын»	Карточкалар, флипчарт
Қорытынды	3 мин	– Сабақ мазмұнын қысқаша қайталау. – Қауіпсіз жүру ережелерін атау.	Ережелерді қайталайды.	«БББ» кестесі	Интерактивті тақта
Кері байланыс	2 мин	– «Бағдаршам» әдісі арқылы түсінікті анықтау. (Қызыл — түсінбедім, Сары — жартылай түсіндім, Жасыл — толық түсіндім).	Түсті карточка тандап, бағалайды.	«Бағдаршам» әдісі	Түсті карточкалар
Бағалау	Сабақ бойы	Белсенділік пен қатысуға мадақтау, смайлик/жұлдызша беру.	Өзара және мұғалім бағалайды.	Формативті бағалау	Бағалау парағы